



А 2008
792 к

СПОРТ
САҢЛАҚТАРЫ



Ғалым
СҮЛЕЙМЕН

ТОПЖАРҒАН



**СПОРТ
САҢЛАҚТАРЫ**

**Ғалым
СҮЛЕЙМЕН**

ТОПЖАРҒАН



**“Ер-Дәулет”
Астана
2007**

ББК 75.3

С 90

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Сүлеймен Ғ.

С 90 **Топжарған.** – Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 248 бет + 12 бет жапсырма.

ISBN 9965-32-477-8

Белгілі спорт журналисі Ғалым Сүлейменнің бұл кітабы кезінде қазақ спортының өркендеуіне үлес қосқан санлақтар және бүгінгі таңда ел намысын абыроймен қорғап жүрген сайыпқырандардың өмірбаяны мен қол жеткізген жетістіктері жайында жазылған.

Кітап спорт сүйер қауымға, қалың оқырманға арналған.

4201000000

С ----- хабарландырылған – 2007


ББК 75.3

00 (05)-07

ISBN 9965-32-477-8

© Сүлеймен Ғ. 2007

© “Ер-Дәулет”, 2007



ТҰҢҒЫШТЫҢ ТҰҒЫРЫ БИК



ОКТЯБРЬ

*Октябрь ЖАРЫЛҒАПОВ,
1931 жылы Оңтүстік
Қазақстан облысының
Түркістан қаласында туган.
Қазақ волейболшыларынан
шыққан тұңғыш КСРО
спорт шебері.*

*КСРО-ның еңбек сіңірген
жаттықтырушысы.*

Қазақстан волейболы алпысыншы жылдардың басынан жетпісінші жылдардың орта шеніне дейін әлемдік деңгейде мойындалғанын жанкүйер қауым жақсы білуге тиіс. “Пай-пай, сол кездегі “Буревестниктің” ойыны қандай ғажап еді”, – деп егде тартқан көрермендер күні бүгінге дейін алматылық клубтың ойынын тамсана әңгімелеп отырады.

“Буревестниктің” бағындырған белестерімен Қазақстан волейболының қол жеткен жетістіктерінің барлығы Октябрь Жарылғаповтың есімімен тығыз байланысты екені еш дау туғызбаса керек. Ең бастысы, ол кісі “Доп ойнаған тозады” деген қағиданы қаперіне мықтап түйген халықтың бұл өнерге деген құштарлығын оятып, қазақ жастары да волейболға бейім екеніне көпшіліктің көзін жеткізді. Ал сол азамат жайында біз не білеміз?

Октябрь Жарылғапов қалың қазақ қоныс тепкен Түркістан қаласында дүние есігін ашады. Орта мектепті тәмамдағаннан соң арман қуып, Алматыға келеді. Зоотехниктер мен малдәрігерлер даярлайтын институтқа оқуға түскеннен кейін ол волейболға мықтап ден қойды.

Ол кезде спорттың бұл түрімен айналысуға казак жастары аса құлшыныс таныта қоймайтын. Бұл ретте Октябрьді алғашқы қарлығашымыз десе де болады.

Ол әуелде Алматыдағы “28 панфиловшылар” саябағында доп ойнап жүрген еңгезердей орыс жігіттерінің өнерін тамашалап, бір жаққа ойыншы жетпей қалса, соларды алмастырумен шектелетін. Кейіннен Киров зауытының жұмысшы жастарынан құрылған “Авангард” клубының избасарлар тобына қабылданады.

Шаңды ауылда жалаңаяқ өскен бала спорт әлеміне тым кештеу келгенімен, өзінің еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында көп ұзамай қатарының алды болды. Октябрь тек ойыншы ғана емес, команданың ақыл-ойы, дәнекері еді. Ұйымдастырушылық қабілетімен дараланған ол 1956 жылы “Буревестник” клубын жасақтауға бел шеше кірісті. Түрлі оқу орындары мен мекемелерді аралап жүріп, ортақ бір мақсатқа жұмылдырылған команда жасақтады. Октябрь шабуылдаған ойыншыға ыңғайлап пас берудің хас шебері еді. Қарсы жақтың шабуылына тосқауыл қоюда да алдына жан салмайтын. Өзі ойыншы әрі бапкер бола жүріп, “Буревестниктің” қанатын қатайтты. 1961 жылы Жарылғапов КСРО-ның таңдаулы 24 волейболшысы қатарына еніп, қазақстандықтар арасынан алғашқы болып, спорт шеберінің күміс белгісін омырауына тақты. Ал 1962 жылы КСРО комсомол ұйымы ұйымдастырған турнирде мықтылар қатарынан орын теуіп, тағы 12 шәкіртінің спорт шебері атануына септігін тигізді.

Ғұлама бапкер ретінде азуы алты қарыс Одақты мойындатқан Октябрь Жарылғапов волейбол ойынына тың серпін әкелді. Сол тұстағы мамандардың тәжірибесінде жоқ жаңа жүйені қолданысқа енгізді. Мәселен, өткен ғасырдың 50-ші жылдары волейболшылар аптасына екі-үш рет жаттығып, әр дайындық екі сағаттан аспайтын.

Ал Октябрь қалыптасқан дәстүрді түбірімен өзгертті. Ойыншылардың шеберлігін шыңдау үшін бұл уақыттың жеткіліксіз екенін алға тартты. Ақырында жаттығу уақыты ұзарып, волейболшылар күніне екі мәрте залда гер төгетін болды.

Алғашқы кезде жас маманның жаттығу жүйесі Одақтың білікті бапкерлерінің көңілінен шықпады. Олар шектен тыс жаттығулар адам ағзасын қажытып, сын сағатта өз мүмкіндіктерін толықтай көрсетуге кері әсерін тигізетінін алға тартты. Тіптен, қазақ бапкерінің бұл әрекеті баспасөз беттерінде бірнеше мәрте қатты сынға ұшырады. Бірақ, Жарылғапов жоғарыдағы пікірлердің ешбіріне құлақ асқан жоқ. Ол әркіммен бір айтысып-тартысқанның орнынына ұстанған бағытының дұрыстығын іспен дәлелдеуді жөн көрді

Жас бапкер қателеспеген екен. Октябрь томағасын сыпырған “Буревестник” КСРО чемпионатының жоғары тобына жолдама алған жылы-ақ сегізінші орынды жеңіп алды. Келесі маусымда, яғни 1966 жылы алматылықтар төртінші орынға табан тіресе, 1967 жылы қола медальге қол жеткізді. Ал 1968 жылы күміс жүлдені омырауларына тақты.

Жыл сайын бір саты жоғарылаған “Буревестниктің” бапкеріне Одақтың мүйіздері қарағайдай мамандары жөн-жосықсыз киліккенді доғарды. Олар енді қазақ бапкеріне құрметпен қарайтын болды. Ал Жарылғапов болса, бұл белестерді де қанағат тұтпады. Ол алматылық клубтың одан да биік асуларды бағындыруға күш-қүдіреті жететініне өз шәкірттерін сендіре білді.

1969 жылғы чемпиондық тәж үшін талас өте тартысты болды. Алайда, уақыт өте бас жүлдеден дәмелі командалардың қатары сирей бастады. Маусым аяқталуға шақ калғанда екі клуб қана өз шабысынан жаңылмай келе жатты. Солардың бірі – Алматының “Буревестнигі” еді.

Чемпиондық тұғырға көтерілсек деп жерлестеріміз қанша талпынғанымен, үміт аз еді. Өйткені, басты қарсыластарымыз бізден біраз ұзап кеткен болатын. Оның

үстіне чемпионаттың аяқталуына 40 күн қалғанда ақиық Октябрьдің демі үзілді. Талантты волейболшы, біртуар бапкер, іскер басшы Октябрь Жарылғапов небары 38 жасында фәниден бақиға аттанды.

Октябрьдің зиратының басына халық көптеп жиналды. Ел ағалары, спорт басшылары, үзеңгілес достары республикамыздың әр қиырынан ағылып келіп жатты. Шәкірттерінің атынан сөз сөйлеу Жәнібек Сауранбаевтың үлесіне тиді. Саңлақ жігіт ұстазының мезгілсіз қазасына қабырғасы қайыса тұрып: “Қымбатты достарым, қадірлі бапкерім, біз осы маусымда қалай да сіз армандаған асуға иек артамыз. КСРО чемпионатының бас жүлдесін олжалаймыз деп сізді сыйлайтын көпшіліктің алдында серт береміз!” – дегенде көпшілік толқып кетті. Осы бір ауыз сөзге Октябрьдің бар құдіреті сыйғандай еді. Алмас қылыштай шәкірті алдаспан бапкерінің көкірегіндегі арман биігін бетке ұстаған екен. Бірақ бұл белеске Октябрьсіз иек арту мүмкін бе? Жарылғапов баптаған жүйріктің көмбеден жеке-дара өтуге шамасы жете ме? Жәнібек көп алдында асыра сілтеп тұрған жоқ па? Осы сауалдар сол кездері көпшіліктің көкейінде жүрді.

Жоқ, КСРО құрамасының дәнекері (разыгрывающий) болуға құдірет-күші жеткен жігіттің сөзі Алматының құлағына шалыныпты. 1969 жылы “Буревестник” КСРО чемпионатында алтын жүлдені қанжығасына байлады. Сөйтіп, Октябрь бапкердің асқақ арманы орындалды.

Сол табысты қанағат тұтпаған алматылықтар 1970 жылы Еуропа чемпиондарының кубогін жеңіп алды. Финалда жерлестеріміз Чехословакияның “Збройвкой Зетор” клубын айқын жеңді.

1971 жылы Еуропа чемпиондарының кубогі екінші мәрте “Буревестникке” бұйырды. Бүкіл Қазақстан халқы бөркін аспанға атқы. “Буревестникті” осы биікке жетелеген Октябрьдің төл шәкірті Заңғар Жәркешов екенін айта кету керек. Ал сол тұлпар команданың

томағасын сыпырып, құнан кезінен баптаған Октябрь Жарылғапов скені айдан анық. Шіркін, бұл Қазақстан волейболының тасы өрге домалаған, мерейі тасып, абыройы асқан жылдар еді-ау...

Кенес Одағының қылышынан қаны тамып тұрған тұста да Октябрь ұлт мәселесін назарынан тыс қалдырған жоқ, ол командаға қазақ жастарын көптеп тарту керектігін қаперінен ешуақытта шығармады. Сондай жанашырлықтың арқасында әйгілі “Буревестниктің” тең жартысын өз қандастарымыз құрады. Ал қазір тәуелсіздік алып, егемен ел болғалы Қазақстан волейболы қазағы кем жағдайға тап болып отырғанын несіне жасырайық.

Жалпы Октябрдің тәлім-тәрбиесін көрген шәкірттерінің барлығы да биік белестерді бағындыра білді. Мәселен, Валерий Кравченко екі мәрте, Олег Антропов бір мәрте Олимпиада чемпионы атанды. Жәнібек Сауранбаев Әлем кубогі және Еуропа чемпионаттарында топ жарса, Заңғар Жәркешов КСРО-ның еңбек сіңірген бапкері атағын алды. Сондай-ақ, Александр Портной, Николай Рагозин, Жұмаш Махмұтов, Еңсебек Иманғалиев, Марат Мәденов, Еркін Ақынов, Леонид Щербаков, Александр Кармановский, Аманкелді Сұлтанов, Геннадий Гончаров, ағайынды Шапрандардың есімдері күллі Одақта аса бір құрметпен айтылатын.

Сонымен, Түркістаннан шыққан асыл азаматымыз небары 38 жыл ғұмыр кешті. Алайда, Октябрдің өмірі ғым келте болғанымен, ол Қазақстан волейболын самғау бәлікке көтеріп, қазақ жастары спорттың қай түріне де бейім екеніне көпшіліктің көзін жеткізді.

ӘБДІСАЛАН

*Әбдісалан НҰРМАХАНОВ,
1936 жылы Оңтүстік
Қазақстан облысының
Түркістан қаласында туған.
Бокстан Азия-Африка
(ГАНЕФО) ойындарының
жеңімпазы (1963),
КСРО чемпионаттары мен
спартакиадаларының
бірнеше дүркін
жүлдегері.*

Халқының қалаулысы атанған қандай да бір азамат жайында әңгіме қозғалса, әдетте оның еліне сіңірген еңбегі еске оралады. Бірақ, үнемі олай болмайды екен. Ұзақ жылдар бойы қазақ боксын өрге сүйреп, атан түйенің жүгін арқалаған Әбдісалан Нұрмахановты еске алғанда мына бір жайсыз оқиға көлбеңдеп көз алдымызға келеді де тұрады.

...1996 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде жазғы Олимпиада ойындарына алғаш рет қатысып, жалпы командалық есепте жиырма төртінші орынды иеленуі мамандар тарапынан керемет көрсеткіш деп бағаланды. Отандастары сол жарыстан олжалы оралғандардың барлығына құрмет көрсетіп, көкке көтерді. Спортшыларды айтпағанда осы сала басшыларынан бастап, қосшыларына дейін олжаға кенелді. Барлығының кеудесінде ордендер мен медальдар жарқырады. Алайда, осы тойда екі адамның ғана еңбегі елеусіз қалды. Бірі – тәуелсіз мемлекетіміздің

алғашқы Олимпиада чемпионы Юрий Мельниченконы тәрбиелеген Дәулет Тұрлықанов болса, екіншісі төрт бірдей шәкіртін жеңіс тұғырына қондырған Әбдісалан Нұрмаханов еді. Осы асыл азаматтар сый-сияпат тұрмақ, ел ағаларының аузынан мақтау сөздер де естімеді. Мұны жанкүйер қауым сол тұстағы спорт саласы басшыларының іштарлығынан деп ұқты. Өйткені, Нұрмаханов та, Тұрлықанов та, кімнің алдында болсын, өз ойларын батыл айтатын азаматтар. Ал ондай мінездері тік, рухтары өр жігіттердің басшыларға жақпайтыны айдан анық қой.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Әбдісалан Нұрмаханов.

• Бірінші раунд Бокшы Әбдісалан

– Әбеке, сіз Кеңес Одағы кезінде шаршы алаңды армансыз бір шайқасаңыз, жаттықтырушылық қызметіңіз еліміз егемендік алған кезеңмен тұспа-тұс келді. Яғни, сіз екі бірдей дәуірді бастан өткердіңіз. Сіздің пікіріңізше, Қазақстан боксы қай кезде мықты еді?

– Қазақстан боксы әр кезде де мықты болған. Енді екі дәуірдің ерекшелігіне келетін болсақ, КСРО кезінде жарыстар жиі-жиі өтіп тұратын. Әуелі қалалық, облыстық, республикалық турнирлерден бастайсың. Содан толып жатқан ерікті қоғамдарының жарыстарына қатысасың. Ол додаларға 15 республиканың барлығынан үміткерлер келеді. Әр мектептің өзіндік ерекшелігі, стилі бар. Солармен жиі бас қосып, бәсекеге түсудің арқасында шеберлігің шыңдалады. Бірақ, бір жаманы – Мәскеу асып, халықаралық жарыстарға шығу өте қиын. Өйткені, әркім өз отандасын сүйрейді. Спорттағы адалдық, әділеттік принципі әдіре қалып, барлық мәселе саяси тұрғыдан шешілетін.

Ал қазір жағдай жеңілдеді. Қазақстан біріншілігінде бірінші орын алсаң, әлем чемпионаты мен Олимпиада

ойындарына жол ашық. Тек өз-өзіңді мойындатсаң, болғаны. Бұл ретте несібесіз емеспіз. Қазақ боксшылары байрақты додалардың барлығынан олжалы оралып жүр. Арамызда әлем, Олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері аз емес. Әйтсе де осыған қарап, КСРО кезінде Қазақстан боксының деңгейі бір табан төмен болды деген жансақ пікір туындамауы керек. Небір керемет боксшылар ол заманда да болды. Бірақ, Кенес дәуірінің соқыр саясаты талай дарынды қандастарымыздың бағын байлады ғой.

– Енді өзіңіздің спорттық жолыңызға оралсақ. Сіздің үлкен спорттағы алғашқы қадамыңыз әуелі баскетболдан басталды деген әңгіме бар. Сол рас па?

– Туып-өскен жерім – Түркістанда жүргенде спорттың біраз түрінің басын шалдық. Алматыға келіп, теміржол техникумына қабылданғаннан соң баскетбол ойнадым. 1953 жылы техникумдар арасында қала чемпионы атандық. Кейіннен ансарым волейболға ауып, атақты Октябрь Жарылғапов басқарған үйірмеге келдім. Марқұм Октябрь әр адамның көзіне қарап-ақ, қарым-қабілетін доп басатын кемеңгер адам еді ғой. Бірнеше ай жаттыққаннан соң ұстазым шақырып алып: “Әбдісалан, сен волейболды қой. Саған қолайлысы – бокс”, – деп өзі қолымнан жетектеп, Дәулеткерей Муллаев дейтін бапкерге табыс етті. Муллаевтың тәрбиесін көп көре алмадым. Сол кезде жарыстарға шығып, таныла бастаған едім, техникумның директоры: “Біз жуан жұдырықты боксшыларды емес, шойын білекті теміржолшыларды даярлайтын мекемеміз”, – деп турнирлерге жібермей қойды. Содан дене шынықтыру техникумына ауысуға тура келді. Сол жерде Ескендір Хасановтың қол астында жаттықтым. Міне, спорттық жолым осылай басталды.

– Жоғарыда өзіңіз айттыңыз ғой. Кеңес Одағы кезінде қанша жерден мықты болсаң да, бәрін Мәскеу шешетін деп. Сіздің де халықаралық жарыстарға жиі шыға алмай,

әділетсіздіктің тауқыметін молынан тартқаныңыз жайында құлағдармыз. Дегенмен, сол жайттардың барлығын өз аузыңыздан естісек деп едік?

– Қолыма алғаш рет былғары қолғап киген кезде алдағы белестердің барлығы маған өздігінен бағынатындай көрінетін. Бірақ, олай емес екен. 1957 жылы 21 жасымда техникумды тәмамдаған бетте 81 келіден жоғары салмақ дәрежесі бойынша (ол кездері бұдан жоғары салмақ дәрежесі болған емес – **Ғ.С.**) сынға түсе бастадым. Көп ұзамай КСРО чемпионатына қатыстым. Ол кезде бұл салмақта Алексей Абрамов, Лев Мухин, Алгидрис Шоцикас, Изосимов, Ландерс, Решетняк секілді кілең сайдың тасындай жігіттер үстемдік құрып жүрген. Солардың барлығынан айламды асырсам да, Абрамовқа келгенде бағым байланды. Онымен бес рет жекпе-жекке шықтым. Алғашында екі рет ұтылғанымды мойындаймын. Одан кейін тең түсіп жүрдік. Әйтсе де төрешілер бұра тартып, жеңісті атақты қарсыласыма беріп қоятын. Өйткені, оның үнемі мерейі үстем болатынына көпшіліктің көзі үйреніп қалған. Салмағы 110 келіден астам Алексей Абрамов сол кездің өзінде үш рет Еуропа, алты рет КСРО чемпионы атанып үлгерді. Есімде, 1962 жылы Киевте өткен одақ чемпионатында өз отандастары алдында мен оны екі рет ұрып жықтым. Төреші екі ретінде де он секөнттің орнына он беске дейін санап, Абрамовтың ес жиюына мүмкіндік берді. Сол жолы оны оңдырмай сабадым. Дегенмен жеңіс аяғынан әзер тұрған Абрамовтың еншісінде кетті.

Үзіліс

– ... Енді жігіт болғаннан соң кей кезде біреулермен жұдырықтасуға тура келеді. Әдейі төбелес іздеп бармайсың, амалдың жоқтығынан жұдырық сілтейсің. Ұмытпасам, 1956 жыл. Жасым жиырмалар шамасында.

Қанның қыз-қыз қайнап тұрған кезі. Бірде Кентаудан шығып, Түркістанға барайын деп, көшеден көлік тоқтаттым. Мен мінген ЗИС мәшинесінің ішінде ұлты грек төрт жігіт жайғасыпты. Шамасы менің үстімдегі әдемі күртешеге біреуінің көзі түссе керек, соны немденіп алмақ ойлары болды. Ол кезде ондай киім тек КСРО құрамасына енген спортшыларға ғана берілетін. Кеш бата мәшинені тоқтатқан жігіт: “Жүр досым, су ішейік” деп сыртқа алып шықты. Көліктен түскенім сол еді, біреуі ұруға әрекеттенді. Жаман ниеттерін лезде аңғарған мен, оны кескен теректей сұлатып салдым. Екіншісі ұмтылған еді, оны да шалқасынан құлаттым. Қалған екеуі көліктерін тастап, қаша жөнелді. Қуып жете алмадым. Таяқ жеген әлгі екеу кешірім сұрап, ақыры үйіме дейін мәшинелерімен тегін жеткізіп тастады.

•Екінші раунд Бапкер Әбдісалан

– *Әбдісалан аға, жанкүйерлер мен мамандар қазақ боксының өрлеу кезеңін сіздің есіміңізбен байланыстырады. Енді сол жылдарға қайта оралсақ. Сіз бапкерлік қызметке келгенде ел боксы қандай күйде еді?*

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел экономикасының қандай күйде болғанын өзіңіз де білесіз. Оның салқыны спортқа да тиді. Спорттың қай түрін алсаңыз да, қалт-құлт күй кешті. Үйірмелер жабылып, спортшылар жандарын баға алмай, басқа кәсіпке ауысты. Мен бас бапкерлік қызметке 1993 жылы келдім. ҚазМУ-да жұмыс істеп жүргенімде, сол кездегі Спорт министрі Қаратай Тұрысов шақырып алып, ұсыныс жасады. Әуелде қуана-қуана келіскеніммен, артынан қатты алаңдадым. Ол жылдары бокстың жағдайы мәз емес еді. Оқу-жаттығу жиындары сирек өтетін. Жарысқа шығу үшін қаражат

табу да оңай емес. Бұл ретте бокс өнерінің жанашыры Қуаныш Төлеметов көп көмектесті. Бірақ, жалғыз адам үлкен бір саланың бар ауыртпалығын көтере алмайды ғой. Содан мен белгілі кәсіпкер Бекет Махмұтовқа барып, жағдайды айттым. Ол кісі алғашында: “Мен боксшы емеспін ғой” – деп федерацияны басқаруға құлқы жоқ екенін аңғартты. Алайда, мен қоймай жүріп, ақыры оны көндірдім. Бекет Сапабекұлы тізгінді ұстаған бетте іске бел шеше кірісті. Ең әуелі жақсы нәтиже көрсетіп жүрген жігіттерді ынталандыру үшін өз қалтасынан стипендия тағайындады. Халықаралық жарыстарға шығу, оқу-жаттығу жиындарын өткізу мәселелері де онды шешілді. Содан кейін-ақ бокстың жағдайы оңалып, жерлестеріміз ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға қол жеткізе бастады.

– Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан боксын төрткүл дүниеге танытқан Атланта олимпиадасы екені сөзсіз. Сол жарыста бір алтын, бір күміс және екі қола медаль алып, айды аспанға шығардыңыздар. Әйтсе де бұл табыс тектен-тек келген жоқ қой. Сол себептен де 1993-1996 жылдар аралығында жүзеге асырылған шаруаларға тоқтала кетсеңіз.

– Мен осы қызметке келгенде, әуелі талантты жастарды, соларға үлгі көрсетіп, мол тәжірибесімен бөлісетін хас шеберлердің коммерция мен бизнеске кетуіне қалай тосқауыл қойсам деп бас қатырдым. Дәл сол тұста көптеген мықтылар спорттан қол үзіп кетті. Соларды қайта шақырттым. Басқа салаға кетемін деп жүрген жастардың кейбіреуін жібермей қойдым. Ақыры жағдай оңалды. Күні кеше бокспен қош айтысқандардың көбі шаршы алаңға қайта оралды. Содан жанкешті жаттығулар басталды. Қазақстан боксшыларының техникасы қай кезде де жоғары деңгейде болған. Тек күштері тез сарқылатын. Содан дене күшін арттыру мақсатымен арнайы жаттығулар жасаттым. Байқасаңыздар, Атлантада бірде-бір боксшы

шаршамай, шалдықпай үш раунд бойы атой салды. Оның алдында екі бірдей Азия біріншілігінде командалық бас бәйгені олжаладық. 1994 жылы Тегранда 11 шәкіртімің бірде-біреуі медальсіз қалған жоқ. Бесеуі алтын алса, қалғандары күміс пен қола медальді қоржынға салды. 1995 жылы Ташкентте тағы да алты шәкіртім жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Шаршы алаң иелеріне бір ғана алтын медаль бұйырды. Сонда өзбектердің іштері ашығанын көрсеніздер.

1994 жылы Әлем кубогінде командалық үшінші орынды иелендік. Хиросимада өткен Азия ойындарында екі боксшы чемпион болса, тағы үш жігітіміз жүлдегер атанды. Ал 1995 жылы дүние жүзі біріншілігінде Болат Жұмаділов күміс, Василий Жиров қола медальді қоржынға салды. Осының бәрі Атлантадағы жеңістердің бастауы еді.

-- Бәрібір осы нәтижелердің бірде-біреуін Атлантадағы табысымызбен салыстыруға келмейді. Қанша дегенмен тәуелсіздікке кеше ғана қол жеткізген жас мемлекеттің өкілдері командалық есепте тек Кубаға есе жіберіп, Болгариямен бірге екінші және үшінші орындарды бөліседі деп ешкім де ойламаған болар?

- Атланта олимпиадасының қарсаңында жігіттердің барлығын жараған аттай баптадық. Сол еңбектерінің арқасында биік тұғырға көтерілді. Әсіресе, Василий Жировқа ризамыз. Жеребе аса сәтті түспесе де Балқаштың барысы барлық қарсыласын көкала қойдай ғып сабады. Алтын алуға Болат Жұмаділовтің де мүмкіндігі болды. Оның дайындық деңгейі, тіпті керемет еді. Соның айғағы – ақтық сынға дейінгі қарсыластарын Болат аса киналмай ұтты. Тіптен, әлем чемпионы, германиялық Злоган Лунканың өзінен айласын оңай асырып кетті емес пе. Финалдық бәсекеде де жап-жақсы жұдырықтасты. Алғашқы екі раундта Жұмаділовтің басымдылығы сезіліп тұрды. Үшінші кезеңде бапкерлердің бірі: “Жеңін

жатырсың, енді кашып жүріп айқассаң да болады”, – деп айтқан екен. Бұны естіген Болат босаңсып кетті. Десек те, айқас аяқталуға бес-алты секөнд қалғанда да Жұмаділов екі-үш ұпай алда келді. Ал гонгтың дыбысы естілген бетте таблода 11:12 деген есеп жарық етті. Сөйтіп, қолда тұрған алтыннан айырылды. Сонда Кубаның бас бапкері Сагараның қуанып, ортекедей секіргені-ай. Аты аңызға айналған бапкердің өзі Майкро Ромероның Жұмаділовті жеңе алатынына сенген жоқ.

– Өзіңіз ел құрамасының тізгінін ұстаған жылдары талай талантты боксшылар қол астыңызда жаттықты. Жігіттермен бірге жүрдіңіз, бірге тұрдыңыз, етене араласып, барлығының қадір-қасиетіне, артықшылығы мен кемшілігіне қанық болдыңыз. Енді сол шәкірттеріңіз жайында әңгімелеп берсеңіз?

– Алдымнан талай дарынды да, дарынсыз да спортшылар өтті ғой. Біреулері құдай берген талантының арқасында биіктерге жетсе, енді біреулер өзінің еңбегімен көтерілді. Мәселен, Василий Жировты алайық. Ол өзгелер секілді қызық қумай, тек жаттығуды ойлайтын. Боксшылар арасындағы ең еңбекқоры да сол еді. Нәтижесінде Жиров Олимпиаданы ұтты, Баркер кубогін олжалады. Көп кешікпей ол кәсіпқой бокстан әлем чемпионы атанды. Ал Қанатбек Шағатаев пен Аркадий Тобаевтың одан қай жері кем еді. Қос қандасымыздың Жировтан асып түсетіндей жағдайлары болды. Техникасы, тактикалық дайындығы, соққыларының жойқындығы жағынан алсаңыз да Шағатаев пен Тобаевтың артықшылығы көп еді. Алайда, екеуі өз ісіне немқұрайды қарады. Би кеші, той-томалаққа барғанды ұнататын. Бір сөзбен айтсақ, оларға боксқа деген адалдық жетіспеді.

– Керісінше, бойында чемпионға тән барлық қасиеті бола тұра, бағы жанбай кеткен боксшылар болды ма?

– Иә, болды. Бұл ретте мен алдымен Нұржан Смановты атар едім. Қандай еңбекқор еді. Айтқаныңды екі етпейтін.

Баспасөз беттерінде оны “қазақ боксының ақыл-ойы” деп жүр ғой. Бұл теңеу оған жарасады. Өмірде қарапайым, ақылды жігіт. Рингте де сондай. Бірақ, казакта “таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер” деген аталы сөз бар ғой. Нұржанға сол бармақтай бақ жетіспеді. Жолы тым ауыр болды. Сол жігіттің бағын аша алмағаным әлі күнге дейін өкінемін.

– *Рингте айқасып жатқан қандасымыз дәрменсіздік танытып жатса, трибунада отырған көрермендердің өздері намыстан жарыла жаздайды. Ал ашу-ызаға булыққан бапкерлер шәкіртіне, тіптен, қол жұмсап та жатады. Ал сіздің сондай әрекетке барған кезіңіз болды ма?*

– Несін жасырайын, ондай да жағдайлар болды. 1994 жылы Әлем кубогі үшін жарыстың ақтық сынында Аркадий Топаев неміс боксшысын 10:0 есебімен ұтып тұрып, екінші және үшінші раундта оңбай таяқ жеді. Есеі 10:10-ға жетті. Топаевтың, ең болмағанда, қарсыласуға құлқы жоқ. Үзіліс кезінде ақырындап та айттым, айқайлап та жібердім. Түсінетін емес. Әбден ызам келді. Үшінші раунд аяқталып, бұрышқа беттеген кезде дәл жақтан періп кеп жібердім. Тәлтіректеп қалды. Бетіне су себелен. есін жидырдым. “Мұның сұмдық қой, намысын қайда?!” – дедім зілдене сөйлеп. “Енді ұтамын, аға”, – деді. Өзі қап-қара дәу еді ғой, қорбаң-қорбаң етіп кеткен. Жігіт екен, сөзінде тұрды. Соңғы раундта барын салып айқасты. Нәтижесінде бәсеке 16:10 есебімен Топаевтың пайдасына шешілді. Сол сапардан Аркадий Әлем кубогін олжалап қайтты.

Үзіліс

– Жас кезде көп нәрсені түсінбейміз. Өзіміздікке салынып, кейде бапкерлердің сөзіне құлақ аспаймыз.

Бапкерліктің қамытын кигенде ғана олар неге үнемі шырылдап жүретінін ұғындым. Алла тағалаға мың да бір шүкір! Менің спортта да, өмірде де бапкерлерім мықты болды. Қайран, Октябрь Жарылғапов қандай еді. Сенен тамаша боксшы шығады деп бокс үйірмесіне өзі жетектеп апарды. Спорт комитеті төрағасының орынбасары болғанда да үнемі халімді сұрап, жанашырлық танытып жүретін. 1956 жылы Мәскеудегі КСРО халықтары спартакиадасына аттанғанда, волейболшылармен көрші жатақханада тұрдық. Октябрь шәкірттерін өз балаларындай көретін. Қашан көрсек те, оларды мәпелеп, аялап жүретін. Күнде таңертең оларға бір қасық бал беретін. Бал ол кезде дефицит. Бір күні мені жаттығуға бара жатқанымда шақырып алып, сен ірі жігітсің ғой, асхананың тамағына тоймай жүрген шығарсың деп, қояр да қоймай жатақханаға апарды. Балды да, нанды да тойғанынша жегізді. Сол жерлесім, қамқоршы ағам еңбегінің жемісін көрмей, 38 жасында бақиға аттанды. Бірақ, артында өлмейұғын із қалдырды. Өкінішке қарай, елімізде қазақ волейболының атасы Октябрь Жарылғаповты еске түсіруге арналған бірде-бір шара қолға алынбай отыр. Осы жағдай мені қатты алаңдатып отыр.

·Үшінші раунд Жанкүйер Әбдісалан

– Сіз кезінде рингте өзіңіз айқассаңыз, кейіннен бапкер ретінде көпшілікке танылдыңыз. Ал кейінгі кездері біз сізді көрермендер қатарынан көріп жүрміз. Сол үшеуінің қайсысы қиын: бокстасу ма, бапкерлік пе, әлде жанкүйер болу ма?

– Әрине, бапкер болу қиын. Боксшы тек өзі үшін ғана жауап береді. Ал жаттықтырушының жүгі ауыр. Егер спортшы жеңіліп қалса, сенің төккен терің, бар еңбегің еш кетеді.

– Сидней олимпиадасына сіз көрермен ретінде аттандыңыз. Ескі әдетіңіз бойынша рингтегі боксшыларға ақыл айтқыңыз келген жоқ па?

– Бәрі де кешегі өз шәкірттерім ғой, іш тартады екен. Кейде көптеген көрермендердің бірі скенімді ұмытып қастарына жақындап, ақыл айтқым келеді. Бірақ, тәртіп сақшылары рингке жолатпайды. Амалсыздан алыстан айқайлаймын. Адам көп, у-шу, айқайым олардың құлағына жетпейді-ау. Әсіресе, шыр-шыр етіп жүрген жаттықтырушыларды аяймын. Кезінде өзімнің де талай шашым солай ағарды ғой.

– *Ермахан Ыбырайымов, Болат Жұмаділов, Мұхтархан Ділдәбеков секілді ел спортына абырой әперген боксшыларымыз біраз жылдар сіздің қол астыңызда жаттықты. Сидней олимпиадасы барысында солардың техникасы мен тактикасынан қандай өзгерістер байқадыңыз?*

– Ермахан алғаш құрамаға қабылданған жылдары айтарлықтай қасиетімен окшаулана қойған жоқ. Ол кезде данкы дүркіреп тұрған Аркадий Топоевпен ыңк тіресе жаттығып жүріп, шеберлігін шындады. Атланта олимпиадасында техникасы қалпына келгенімен, тәжірибесінің аздығы сыр берді. Сиднейге дейінгі аралықта Ермаханның ащы тері әбден сығылғаны байқалды. Ерен еңбегінің арқасында алтын медальді кеудесіне тақты. Болат Жұмаділов бесаспап боксшы. Ол өз тұғырынан еш уақытта тайған емес. Бұл жолы да алтынға сынық сүйем қалғанда сүрінді. Бір кемшілігі – жылдамдығы жетіспеді. Таиланд боксшысы үнемі оның алдын орап отырды. Ал Мұхтарханның маған алғаш келгенде қара күші зор болғанымен, көкпар тартып денесі қатыңқырап қалған еді. Соны бірте-бірте қалпына келтірдік. Содан кейін жұдырығын дұрыс сілтей алмайтын. Біресе итеріп, біресе қолғабының ішімен ұрады. Әлі де сол кемшіліктерінен арылмаған. Техникасы да айтарлықтай мәз емес. Тым ақкөңіл, алдап-арбап соғу дегенді білмейді. Бірақ, намысқой жігіт. Сол қасиетінің арқасында бүгінгідегідей биікке көтерілді. Алты-жеті

жыл қолғап киіп, Олимпиаданың күмісін алу Мұхтархан секілді батыр жігіттің ғана қолынан келді.

– *Өзіңіздің туған жеріңіз – Түркістаннан шыққан жарық жұлдыз Бекзат Саттарханов еді. Сол жігіттің Сидней олимпиадасында топ жаруы сіз үшін де тосын оқиға болды ма?*

– Бекзат жастар рингінде табысты өнер көрсетіп жүрген кезде-ақ көзге түскен болатын. Алғашқыда ол маған әлжуаз болып көрінді. Кейін байқасам, баланың шеберлігі күн санап өсіп келеді екен. Иә, Олимпиада қарсаңында оның ащы тері әбден алынды. Бірақ, Сиднейде ол чемпион атанады деп, ешкім ойлаған жоқ. Әрі кетсе, жүлделі орындардың біріне ілігер дедік. Ал, топырағы торқа болғыр Бекзат күллі әлемді дүр сілкіндірді ғой.

•Бәсекенің соңы

– Менің бар ғұмырым спорт саласының төңірегінде өтті. Жүріп өткен жолыма зер салсам, бағындырған асуларым аз болмапты. Әуелде боксшы ретінде біраз табыстарға жеттім, содан бапкерлік, кейін ғылым жолына түстім. Бірақ, оның бірде-біреуінде атақ пен абырой оңайлықпен келген жоқ. Өмірдегі өз несібемді алу үшін білек сыбанып айқасуға тура келді. Әуелі бокста көзімді бакырайтып қойып, өзімнен әлдеқайда осал боксшыға жеңісті беріп жіберген сәттер аз болған жоқ. Амал нешік, көндік. Содан 1972 жылы ғылым жолына түсіп, адам ағзасына зиян келтірмей салмақ “қуу” жайында кандидаттық диссертация қорғадым. Онда моншада тер шығару арқылы артық салмақтан арылуға болатынын дәлелдеп бердім. Іле-шала “осы да еңбек пе?” деп тырнақ астынан кір іздегендер табылды. Әйтсе де уақыттың өзі бұл еңбегімнің құндылығын дәлелдеді.

Иә, ол реніштер ұмытылды. Ол кезде заман солай болып еді деп, өз-өзімізді жұбаттық. Ал егемен ел болғанда

өз қандастарымның жасаған қиянаты есіме түссе, әлі күнге дейін көңілім нілдей бұзылады. Маған соншалық опасыздық жасайтындай не істеп қойдым. Бар айыбым – ел спорты үшін ерінбей еңбек етіп, Алланың қолдауымен төрт бірдей шәкіртімнің Олимпиада тұғырына көтерілуіне себепкер болғаным ба? Сол кезде қатты күйіндім. Қолды бір сілтеп кетіп қалғым келді. Бірақ, мен боксты тастап қайда барамын. Жастық шағымда да, есейген кезімде де қолымнан былғары қолғап түспеген. Қалған өмірім де осы салада өтсе, еш арманым жоқ. Содан біраз үзілістен соң шаршы алаңды қайта жағалай бастадым. Ең әуелі, маған қолдау көрсеткен халыққа рахмет. Қиналған сәтте қолтығымнан демеді.. Біле білген адамға халықтың ниеті мен ықыласы ордендер мен медальдардан да қымбат. Сондықтан да мен өзімді шын бақыттымын деп санаймын.

P.S. Бұл – Әбдісәлан Нұрмахановтың соңғы сұхбаттарының бірі еді. 2002 жылдың 14 шілдесінде әйгілі боксшы, даңқты банкер Алматы қаласындағы өз пәтерінің дәл алдында қандықол қарақшылар қолынан қаза тапты.

ЖӘНІБЕК

*Жәнібек САУРАНБАЕВ,
1940 жылы Алматы
қаласында туған.
Волейболдан әлем
чемпионатының қола
жүлдегері (1965), Әлем
кубогінің жеңімпазы
(1966), Еуропа (1967) және
КСРО (1969) чемпионы,
Еуропа чемпиондары
кубогінің екі дүркін
иегері (1970, 1971).*

Мехикода өтетін Олимпиада ойындарының басталуына бір апта қалғанда Кеңес одағы бапкерлері құрамадағы дарынды қазақ волейболшысы Жәнібек Сауранбаевты командадан шеттетті.

Қандастарымыз волейбол өнерін бүге-шігесіне дейін меңгеріп, әуедегі допты қарсыластар алаңына қалай қазықтай етіп қадау керектігін өзгелерге үлгі етіп кетсе де, КСРО құрамасының сапында ойнау жалғыз Жәнібек Сауранбаевтың ғана пешенесіне жазылыпты. Бірақ, оның да жүріп өткен жолы даңғыл болған жоқ. Орталықтың спорт тізгінін ұстаған басшылардан бастап, қатардағы бапкерлерге дейін еңгезердей орыстардың арасында: “Бұл қазақ не істеп жүр?” – деген сыңай танытып, талай рет оған тіс батырып та көрді. Әйтсе де Жәнібек өзінің асқан шеберлігін еріксіз мойындатып, алып империяда өзіне тең келер ойыншы жоқ екенін тайға таңба басқандай етіп дәлелдеді.

...Волейбол Қазақстанға кештеу келді. Елуінші жылдардың орта шенінде ғана бұл ойынға деген қызығушылық